

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігі



Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрлігі

Астана қ.

Астана қ.

2023 жыл «16» 12
№ 511-НҚ

2023 жыл «5» желтоқсан
№ 633

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі

Астана қ.

2023 жыл «12» желтоқсан
№ 568

«Балалар кітапханасы» бағдарламасын және көркем әдебиеттің түрлі
кезеңдері мен жанрларын қамтитын
кітаптардың арнайы тізімін бекіту туралы

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 17 маусымдағы
«Әділетті Қазақстан – Адал азамат» Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Ұлттық құрылтай отырысында берілген хаттамалық тапсырмасының
5.5-тармағын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Балалар әдебиеті»
бағдарламасы;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Балалар әдебиеті»
бағдарламасына ұсынылатын және көркем әдебиеттің, оның ішінде казак
әдебиетінің әртүрлі кезеңдері мен жанрларын қамтитын кітаптардың арнайы
тізімі, бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы
және қосымша білім беру департаменті, Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігінің Архивтер, құжаттама және кітап ісі комитеті, Қазақстан
Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары
оқу орнынан кейінгі білім комитеті осы бірлескен бұйрықты өз құзыреті шегінде
облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім
басқармалары, мәдениет саласының ұлттық, облыстық әмбебап ғылыми
кітапханалары, балалар мен жасөспірімдер кітапханалары, жоғары оқу
орындарының кітапханалары басшыларының назарына жеткізсін және оны
тиісті интернет-ресурстарда орналастырсын.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Оқу-ағарту, Мәдениет және ақпарат, Ғылым және жоғары білім вице-министрлеріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық соңғы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрі

А. Балаева

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрі

Ғ. Бейсембаев

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрі

С. Нұрбек